

Ақтөбе қаласы
№39 «Достық» бөбекжай-балабақша
Жас маманы: Есіркенова Ләззат Маратқызының
жасаған жұмыстарына

ЕСЕП

Есіркенова Ләззат Маратқызы 2022 жылдың қазан айының 3-нен бастап №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының Ересек «Жұлдыз» тобына жас маман ретінде тәрбиеші қызметіне қабылданып, жұмыс атқарып келеді.

Жұмыс жасау барысында көмек көрсетіп, біраз нәрселерге үйренді. Атап айтар болсақ; күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша циклограмма жазуды үйреніп, онымен жұмыс жасауды үйренді. «Жұлдыз» ересек тобының балаларының тізімі, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс – әрекет түрінің кестесімен танысып бақылаудан бастады. Күнделікті жұмыс кезінде уақытылы келіп, жасалып жатқан жұмыстардан тәжірибе алды. Балалармен танысып, тез тіл табысты.

Күннің 1 жартысында ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізіп, балалармен гигиеналық және шынықтыру шараларын жүргізіп, сюжеттік-рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатып, балалардың еркін өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырды. «Ғажайып әлемге саяхат» тақырыбында математика негіздерінен ашық ұйымдастырылған іс-әрекет, «Шегіртке мен құмырсқа» ертегісі желісі бойынша «Күз береке-молшылық» тақырыбында күзге арналған ертеңгілік өткізді. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінде балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойындар, жаттығуларды кеңінен пайдалануды үйренді. Көрнекілік құралдар жасауда көмек көрсетті. Балалармен тіл табысып бірлесіп ән, тақпақ жаттатып, ойындар ойнатып, егеменді еліміздің жеткіншік ұрпағын тәрбиелеуде зор үлес қоса біледі деп есептеймін. Ертегілерді рөлге бөліп, ойнатып, балалардың тілін жаттықтырды.

«Алтын Күз – 2022» атты мектепке дейінгі балалар мен мектеп оқушыларына арналған ІІІ Республикалық сурет, қолдан жасалған бұйымдар мен фотосурет байқауына балалар қатыстырып, І, ІІ Дәрежелі Дипломдармен марапатталды.

Өз ісін жауапкершілікпен қарап, орындап отырады. Жұмыс жасау барысында өзін – өзі көрсете алды, ата-аналардың ықыласына ие болды. Топтың шығармашылық жұмысына көмектесіп болашақта қажетті тәжірибе алып келеді.

Есіркенова Ләззат Маратқызының №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасынан әлі де үйренері көп, жұмыстар атқарады деп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмысында әрдайым сәттілік шығармашылық табыс тілейміз.

Ересек «Жұлдыз» тобы тәрбиешісі, тәлімгер:  Г.Р. Дүйсенқұлова